

Пайдалану бойынша нұсқаулық

Үтік

HH2200BS

DEXP

Мазмұны

Құрылғы мақсаты	4
Сақтық шаралары	4
Техникалық сипаттамалар.....	5
Жинақталым.....	5
Бірінші қолданар алдында.....	5
Құрылғы сұлбасы	6
Пайдаланушы нұсқаулығы	6
Сумен толтыру	6
Құрғақ үтіктеу	7
Бумен үтіктеу	7
«Бу соққысы» функциясы	7
«Шашырату» функциясы	7
«Қаққа қарсы» функциясы	8
Тазалау және қызмет көрсету	8
Ықтимал мәселелер және олардың шешімдері.....	9
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары	10
Қосымша ақпарат	10

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Біз Сізге жоғары сапа, функционалдық және дизайн талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған өнімдер мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқаулықтың сақталуына назар аударыңыз және оны өнімді одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғы мақсаты

Үтік киімдегі бүктелген және мыжылған жерлерін тегістеуге арналған.

Сақтық шаралары

- Үтікті тек мақсатына сай қолданыңыз.
- Аспапты қуат көзіне қосар алдында Сіздің үйіңіздің электр желісінің кернеуі жерге тұйықталу техникалық сипаттамаларына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Сәйкес келмеген жағдайда сатып алынған орны бойынша хабарласыңыз.
- Қолданар алдында сымды толығымен босатыңыз.
- Құрылғыны қоспас бұрын сым мен ашаның құрғақ екеніне көз жеткізіңіз.
- Үтікті розеткаға қосылған күйінде қараусыз қалдырмаңыз, айырды розеткадан суырып жүріңіз және аспапты тік күйде ұстаңыз.
- Өрт болдырмау үшін үтікті тез тұтанатын заттардың жанына қоймаңыз.
- Күйіп қалмау үшін ыстық беттерге, қыздыру элементіне, ыстық суға немесе бу өтіне қол тигізбеңіз, киімді денеге киіліп тұрған кезде үтіктемеңіз.
- Үтікке су толтыру алдында немесе үтіктегі қалған суды төгер алдында оны қуат желісінен ажыратыңыз.
- Үтікті суға немесе басқа сұйықтықтарға батырмаңыз.
- Кәбілі зақымдалған үтікті пайдаланбаңыз.
- Желілік қуат сымы зақымдалған жағдайда авторландырылған сервис орталығына хабарласыңыз.
- Тазартылған суды пайдаланған жөн. Әртүрлі қоспаларды пайдалану бу шығатын тесіктердің бітелуіне әкелуі мүмкін.
- Қуат желісінің шамадан тыс жүктелуін болдырмау үшін үтікті басқа қуатты құрылғылармен қатар пайдаланбаңыз.
- Құрылғы балалар мен білекті, сезімді немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі адамдар үшін, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылайтын жағдайларды қоспағанда, пайдалануға арналмаған. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Үтікті желіден ажырату үшін ешқашан кәбілінен тартпаңыз.
- Үтікті тегіс және орнықты бетте пайдалану және қалдыру керек.
- Құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.
- Үтікті қойғышқа қояр алдында қойғыш орнатылған беттің орнықты екеніне көз жеткізіңіз.

- Құлағаннан кейін үтіктен зақымдар көрсеңіз немесе су ағып кететін болса, үтікті пайдаланбаңыз.
- Будың өтін адамдарға және жануарларға бағыттамаңыз.
- Қуат сымының ыстық беттермен жанаспауын қадағалаңыз.
- Пайдаланғаннан кейін үтікті толығымен суытыңыз.

Техникалық сипаттамалар

- Үлгісі: HH2200BS.
- Сауда белгісі: DEXP.
- Қуат беру параметрлері: 220–240 В ~ 50/60 Гц.
- Қуаты: 2200 Вт.
- Қуат сымы ұзындығы: 1,9 м.
- Суға арналған ыдыстың көлемі: 250 мл.
- Табан материалы: керамика.
- Электр тогының соғуынан қорғау класы: I.
- Шаң мен ылғалдан қорғау класы: IPX0.
- Қуат сымын бекіту түрі: Y.
- Тұрақты бу беру: 15 г/мин.
- Қолдайтын функциялары: шашырату, құрғақ үтіктеу, буды тұрақты жіберу, будың өті, қаққа қарсы.
- Қолдану аясы: тұрмыстық.


Жинақталым

- Құрылғы.
- Өлшеуіш стақан (150 мл).
- Пайдалану бойынша нұсқаулық.

Бірінші қолданар алдында

- Үтікті алғаш рет пайдаланған кезде Сіз бір түрлі иіс сезуіңіз мүмкін — бұл қалған майлағыш иісі, бірнеше уақыттан кейін иіс кетеді.
- Алғаш рет пайдаланар алдында үтіктің табанынан барлық жапсырмалар мен қорғаушы үлдірді алып тастаңыз. Табанын жұмсақ матамен сүртіңіз.
- Табанның таза болуын қадағалаңыз: металл заттармен (мысалы, киім ілгіш, батырма және сыдырма ілгек) қатқыл жанасуына жол бермеңіз.
- Табиғи жүн маталары (100 % жүн) үтіктелгеннен кейін жылтырауы мүмкін. Бу жіберу реттегішін максималды күйіне орнатып, құрғақ мата арқылы үтіктеу ұсынылады.

Құрылғы сұлбасы



1. Су тозаңдатқыш.
2. Су құюға арналған тесіктің қақпағы.
3. Бу жіберу реттегіші.
4. Тозаңдату батырмасы.
5. Бу соққының батырмасы.
6. Қуат көзі сымы.
7. Дайындық индикаторы.
8. Температураны реттегіш.
9. Корпус.
10. Табан.

Пайдаланушы нұсқаулығы

Сумен толтыру

1. Бу жіберу реттегішін «0» (бусыз) күйіне орнатыңыз (тек бумен өңдеу режимі үшін).
2. Үтікті қолыңызға алып, 45° бұрышпен еңкейтеііз, су құюға арналған тесіктің қақпағын ашыңыз.
3. Ыдысқа су құйыңыз.
Ескерту: тазартылған суды пайдаланған жөн. Суға арналған ыдысқа химиялық қоспаларды қоспаңыз.
4. Үтіктен артылған суды сүртіңіз; пайдаланғаннан кейін қалған суды төгіңіз.

Құрғақ үтіктеу

1. Үтіктеуге кіріспес бұрын барлық бұйымдарды мата түрі бойынша сұрыптаңыз. Төмен температураларды қажет ететін маталардан (синтетикалық маталар, жібек және т.б.) бастап, кейін жоғары температураларды қажет ететін маталарға (жүн, мақта, зығыр және т.б.) көшкен жөн.
2. Үтікті тігінен қойып, температура реттегішін минималды күйіне орнатыңыз.
3. Үтікті қуат желісіне қосыңыз және қажетті қыздыру температурасын орнатыңыз. Бу жіберу реттегішін «OFF» күйіне орнатыңыз. Қажетті температураға дейін қызған кезде индикатор өшеді.

Бумен үтіктеу

1. Ыдысқа су құйыңыз.
2. Үтікті тігінен қойып, оны қуат желісіне қосыңыз.
3. Температура реттегішін максималды белгіге орнатыңыз. Әйтпесе үтіктің табанынан су тамшылайтын болады.
4. Индикатордың өшуін күтіңіз.
5. Бу жіберу реттегішін қажетті күйіне орнатыңыз (бу жіберуді күшейту үшін, реттегішті сағат тіліне қарсы бұраңыз, азайту үшін — сағат тілі бойынша бұраңыз).

Ескерту: үтіктің табанын зақымдамау үшін бұл режимді синтетикалық маталарды, нейлонды, табиғи және жасанды жібекті үтіктеу үшін пайдаланбаған жөн.

«Бу соққысы» функциясы

Осы функцияның көмегімен Сіз киімнің бүктелген және нашар үтіктелетін басқа жерлерін жаза аласыз.

1. Температура реттегішін тах белгісіне, ал бу беру реттегішін 0 белгісіне орнатыңыз; жарық индикаторы өшірілгенге дейін күтіңіз.
2. Бу жіберу батырмасын басыңыз.
3. Пернені екінші рет баспас бұрын, бірнеше секунд күтіңіз, бұл көбірек бу алуға мүмкіндік береді.

Ескерту: функцияны пайдаланар алдында ыдысқа максималды белгісіне дейін су толтырыңыз. Су ағып кетпеуі үшін бу жіберу батырмасын 5 секундтан көп қыспаңыз.

«Шашырату» функциясы


1. Ыдысқа су толтырыңыз.
2. Тозаңдату батырмасын басыңыз.

Ескерту: тозаңдату функциясы құрғақ үтіктеу режимінде де, бумен үтіктеу режимінде де қолжетімді.

«Қаққа қарсы» функциясы

Осы үтіктің суды жұмсартатын, қақтың пайда болу ықтималын азайтатын арнайы сүзгісі бар. Бұл функция үтіктің қызмет мерзімін ұзарта алады.

Матаның түріне қарай қыздыру деңгейлері

Назар аударыңыз:  белгісі бұйымды үтіктеуге болмайды дегенді білдіреді.			
Заттаңбадағы белгі	Матаның түрі	Қыздыру режим	
	Нейлон, жібек	Мин. ↑ Макс.	
	Жүн		
	Мақта		
	Зығыр		

Егер мата әртүрлі талшықтардан тұратын болса, талшықтың осы түріне арналған ең төмен үтіктеу температурасын таңдаңыз.

Тазалау және қызмет көрсету

- Тазалау алдында үтікті желіден ажыратып, оны суытып алыңыз.
- Үтіктің табанын сұйық тазартқыш құралды (абразивті емес) пайдаланып, ылғалды матамен сүртіңіз.
- Табаннан күйген талшықтарды кетіру үшін сірке суына жібітілген матаны пайдаланыңыз.
- Үтіктің табанын зақымдамау үшін, концентрацияланған қышқылдар мен сілтілерді пайдаланбаңыз.
- Бітелген бу жіберу тесігін тазалау үшін тіс тазартқышты пайдаланыңыз.
- Үтікті тігінен қойыңыз, суытыңыз, суға арналған ыдыстан қалған суды төгіңіз, бу жіберу реттегішін «0» мәніне орнатыңыз.

Ықтимал мәселелер және олардың шешімдері

Мәселе	Ықтимал себебі	Шешімі
Үтік жетерліктей ыстық емес немесе тым ыстық	Температура реттегіші дұрыс күйіне орнатылмаған	Температура реттегішін қажетті күйіне орнатыңыз
Бу жоқ	Температура реттегіші дұрыс күйіне орнатылмаған	Температура реттегішін қажетті күйіне орнатыңыз
	Бу жіберу реттегіші дұрыс күйіне орнатылмаған	Бу жіберу реттегішін қажетті күйіне орнатыңыз
	Ыдыста су тым аз немесе мүлдем жоқ	Ыдысқа су толтырыңыз
Табан арқылы судың ағуы	Температура реттегіші дұрыс күйіне орнатылмаған	Температура реттегішін максималды белгіге орнатыңыз
	Температура жетерліктей жоғары емес	Индикатор сөнгеннен кейін, бу жіберу батырмасын басыңыз
	Ыдыстағы су деңгейі максималды рұқсат етілген мәннен асып кеткен	Артық суын төгіңіз
Бу жеткілікті емес	Бу жіберу реттегіші дұрыс күйіне орнатылмаған	Бу жіберу реттегішін қажетті күйіне орнатыңыз
	Бу шығаратын тесік бітеліп қалған	Бу шығаратын тесікті тазартылған сумен жуыңыз; тіс тазартқышты пайдаланыңыз
	Ыдыста су тым аз	Ыдысқа су толтырыңыз
Тозаңдатқыш жұмыс істемейді	Қысым деңгейі жеткілікті емес	Тозаңдатқышты қысып, бірнеше рет тозаңдатқыш батырмасын басыңыз
	Ыдыста су тым аз немесе мүлдем жоқ	Ыдысқа су толтырыңыз

Егер жоғары айталған тәсілдерді орындағаннан кейін мәселелер шешілмесе, авторландырылған сервис орталығына хабарласыңыз.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы ешқандай орнатуды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5 °C-тан 40 °C-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын орауышта жүргізілуі тиіс. Үйжайларда жемірілу тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдар, сілтілер буы) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы керек.
- Құрылғы мұқият өңдеуді қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т. б. әсерінен қорғайды.
- Құрылғыны сату жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі керек.
- Өнімнің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол федералды немесе жергілікті заңдарға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электр және электронды жабдықтарды тиісті қабылдау орнына қайта өңдеуге тапсырылуы керек. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге көмектесесіз және дұрыс пайдаланбаған жағдайда қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қоқыстарды шығару кәсіпорнынан алуға болады.
- Егер құрылғының ақаулығы анықталса, дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны тастаңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Нинбо Синдин Электрик Эпплайенсиз Ко., Лтд.

№556 Чанчи тас жолы, Гутан к-сі, Цыси, Нинбо қ., Чжэцзян пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды

тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ-ы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа д-лы, 12 ғ-т, Қазақстан Республикасы.

Электронды пошта мекен-жайы: info@dns-shop.kz

Тауар КО ТР (ЕАЭО) талаптарына сәйкес келеді.

Сипаттамалар, өнім туралы ақпарат, оның жинақталымы мен функционалдығы пайдаланушыға алдын-ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. V.14



Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші кепілді мерзім ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілді мерзім бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Өнімді пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланған жағдайда, кепілді қызмет көрсетуге кепілді мерзім ішінде тұтынушының кесірінен болмаған істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 24 ай.

Пайдалану мерзімі: 36 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:
<https://www.dns-shop.kz/service-center/>



Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерге ие болмайды:

Кепілдік мерзімі аяқталды.

Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей міндетіне сәйкес келмейтін басқа мақсаттарда пайдаланылған болса.

Өндіруші бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды, қосу ережелерін (бұйымның өзіне де, онымен байланысты бұйымдарға да сәйкес келмейтін желілік кернеудің әсері нәтижесінде туындаған қысқа тұйықталулар), бұйымды сақтау және тасымалдау кезінде өнім иесі және/немесе үшінші тұлғалар шеккен ықтимал материалдық, моральдық және өзге де зиян үшін жауапты болмайды.

Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: өнімді пайдалану кезінде алынған сызаттар, жарықтар, деформациялар, соққы іздері, майысулар, кептелістер және т.б.

Түрлендірулерді, рұқсат етілмеген жөндеулерді осындай жұмыстарды жүргізуге уәкілетті емес адамдар жүргізген жағдайлар. Егер ақаулық конструкцияны немесе бұйымның сұлбасын өзгерту, Өндіруші қарастырмаған сыртқы құрылғыларды қосу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалану салдарынан туындаған болса.

Егер бұйымның ақауы еңсерілмейтін күштің әсерінен (табиғи элементтер, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге тәуелді емес басқа жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмаған үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаса. Бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына алып келген бұйымның ішіне бөгде заттардың, өзге денелердің, заттектердің, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың түсуінен, агрессивті ортаның әсерінен, жоғары ылғалдылықтан, жоғары температуралардан туындаған ақау.

Бұйымды сәйкестендіру (сериялық нөмірі) жоқ немесе сәйкес келмейді. Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық қамтаманың; БЖ ұсынушысының осы қызметті ұсынбауына байланысты мүмкіндігіңізсіз бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына әкеп соққан құпиясөздерді (кодтарды) оларды жинау/қалпына келтіру мүмкіндігіңізсіз орнату, ауыстыру немесе жою әсерінен туындаса.

Егер жұмыстың ақаулықтары қуат беруші, кәбілдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттеріне сәйкес келмеуінен, оның ішінде бедер ерекшеліктерінен және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымның желі әрекет ететін шекарада немесе аймақтан тыс жерде пайдаланылуынан туындаған болса.

Егер зақымданулар стандартты емес (түпнұсқалық емес) және/немесе сапасыз (зақымданған) шығыс материалдарын, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат беру элементтерін, әртүрлі үлгідегі ақпарат тасымалдағыштарды (CD, DVD дискілерді, жад карталарын, SIM карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаса.

Егер кемшіліктер үйлесімсіз контентті (әуендерді, графиканы, бейне және басқа файлдарды, Java қосымшаларын және оларға ұқсас бағдарламаларды) алуға, орнатуға және пайдалануға байланысты туындаған болса.

Осы бұйыммен жанасып жұмыс істейтін басқа жабдыққа келтірілген залалға.



Жазбалар үшін

[illegible]

Жазбалар үшін

This image shows a single sheet of white paper with horizontal ruling lines. The lines are evenly spaced and run across the width of the page. There are no margins, text, or other markings on the paper.

